

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қарашадағы N 1094 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

09 "Басқалар" ішкі функциясында:

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" әкімшісі бойынша:

010 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві" бағдарламасында:

100 "Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві" кіші бағдарламасындағы "3875899" деген сандар "3375899" деген сандармен ауыстырылсын;

101 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві" кіші бағдарламасындағы "11883014" деген сандар "12383014" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "ҚазҚуат" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 350880000 (үш жүз елу миллион сегіз жүз сексен мың) теңге бөлінсін.

3. "ҚазҚуат" акционерлік қоғамына "Мойнақ ГЭС-і" акционерлік қоғамының жарғылық капиталындағы 350880000 (үш жүз елу миллион сегіз жүз сексен мың) теңге сомасына тең 1 (елу бір) пайыз мөлшеріндегі үлесін төлеу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК